



20 _____ жылғы “ _____ ” _____

“ _____ ” _____ 20 _____ года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Ұшарал қаласы

№ 1

I. Кіріспе бөлік

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Алакөл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай- Мекеме). Мекеме Алматы облысы Әділет департаментінің Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылдың 16 маусымында тіркеуден өтіп, заңды тұлға ретінде №140-1907-15-ММ куәлігін алған. Есеп айырысу операциялары Алматы облыстық Қазынашылық Департаментінің Алакөл аудандық басқармасы арқылы жүргізіледі. Банктік сәйкестендіру коды ККМFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ85070103 KZN0915000, бизнес сәйкестендіру номері: 001240003003. Коды 1221012, тұрған жері ҚР, Алматы облысы, Алакөл ауданы, Ұшарал қаласы, Қонаев көшесі, 74.

1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы: Жергілікті бюджет қаражатының Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы.

1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні: 001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», 005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар», 006 «Төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарын жою шаралары», 007 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және

Көшір: жасауға тыйым салынады. Снятие копии запрещается.

007733

АЛАКӨЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ
Кіріс № 4444 1
29.04 2018ж

оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар», 106 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резервінің есебінен іс-шаралар өткізу», 107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу», 113 «Жергілікті бюджеттің ағымдағы нысаналы трансфертері».

1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі: сәйкестік аудиті.

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маманы- мемлекеттік аудитору Үсенбаев Жарқынбек Орынбасарұлы, мемлекеттік аудитор сертификатының нөмірі: 2016 жылғы 05 желтоқсандағы № 1193 сертификаты.

1.7. Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ.Манамұратовтың 2019 жылғы «18» сәуірдегі №02-16/6.2-110-Т мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма.

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың қаңтарынан бастап, 2018 жылдың желтоқсанын қоса алғанда.

1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2019 жылдың 23 сәуірінен 29 сәуір аралығы.

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:

Мемлекеттік аудит мекеме басшысы Сулейменов Бақытбек Белгібекұлының келісімімен, бас маман- бас есепші Мустафина Айгуль Аристановнаның қатысуымен жүргізілді. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде бірінші қол қою құқығына 2017 жылдың 10 тамызына дейін аппарат басшысы М.Б. Сүлейменов, 2017 жылдың 25 августа 2018 жылдың 12 ақпанына дейін аппарат басшысы К.О. Мухаметкалиев, 2018 жылдың 07 наурызынан бүгінгі күнге дейін аппарат басшысы Б.Б. Сулейменов, екінші қол қою құқығына А.Мустафина ие болған.

1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: *(жүргізілген кезде көрсетіледі).*

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторлары М.Нұраленова мен Б. Мендебаев 2015 жылдың сәуір айынан бастап, 2016 жылдың желтоқсан айын қоса алған кезенді қамтып, жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға сәйкестік аудитін жүргізіп, кемшіліктер анықталмаған (2017 жылдың 15 наурыздағы аудиторлық есеп). Анықталған кемшіліктер 2016 жылы артық жоспарланған 920,0 мың теңге жоғары тұрған бюджетке толығымен қайтарылған.

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы тарапынан аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен немесе бақылауда тұрған тапсырмалық тармақтар жоқ.

II. Негізгі бөлік

2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Мәнділік, аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы аанықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателердің көлемі.

Аталған көрсеткішті ашу мақсатында мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарын сақтауына талдау жасалды.

2.1.1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.

Мекеменің бюджеттік өтінімдердің жасалуы, тапсыру тәртібінің сақталуы, мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізуде Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV Бюджеттік Кодексінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» талаптары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 04 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ережесі» талаптары басшылыққа алынып, бюджеттік сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор ерекшеліктеріне сай қажеттілік есептері жасалған (2019 жылғы 29 сәуірдегі аудиторлық есепке қосымша: 1-кесте Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) орындалуы туралы ақпарат 4 парақта қоса тіркелді). Мекемеде қаржыландырудың жеке жоспарына негізсіз өзгерістер енгізу жасалмаған.

Аудит бағдарламасымен қамтылған жалпы бюджет қаражатының сомасы 360543,9 мың теңге, соның ішінде жылдар бөлінісінде:

2017 жылдың қаржыландыру жоспарымен жергілікті бюджет есебінен барлығы 172425,0 мың теңге жоспарланып, кассалық және нақты шығысы 172422,1 мың теңгені құрады, оның ішінде:

001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 114921,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы- 114920,4 мың теңге;

003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 5942,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы – 5941,9 мың теңге;

005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 3421,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы - 3420,8 мың теңге;

006 «Төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарын жою шаралары» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 19100,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы - 19100,0 мың теңге;

007 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 3629,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы - 3627,4 мың теңге.

106 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 25412,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы – 25411,5 мың теңге.

2017 жылы мекеменің бюджеттік өтінімдердің және қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізу кезінде 001-000 бюджеттік бағдарламаның 159 ерекшелігімен Алакөл аудандық қаржы бөлімі ғимаратына ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 17154,0 мың теңге бөлінген.

2018 жылдың қаржыландыру жоспарымен жергілікті бюджет есебінен барлығы 188124,0 мың теңге жоспарланып, кассалық және нақты шығысы-188121,8 мың теңгені құрады, оның ішінде:

001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 104633,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы – 104632,8 мың теңге;

003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 4374,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы-4374,0 мың теңге;

005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 4081,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы -4080,8 мың теңге;

006 «Төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарын жою шаралары » бағдарламасы бойынша қаралғаны– 7500,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы - 7500,0 мың теңге;

007 «Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 3847,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы - 3846,4 мың теңге;

106 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 27830,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы – 27828,8 мың теңге.

107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 500,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы – 500,0 мың теңге.

113 «Жергілікті бюджеттің ағымдағы нысаналы трансфертері» бағдарламасы бойынша қаралғаны– 35359,0 мың теңге, кассалық және нақты шығысы – 35359,0 мың теңге.

1 тармақ: Жоғарыда көрсеткендей, 2017 жылдың қазан айында мекеменің бюджеттік өтінімдердің және қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізу кезінде 001-000 бюджеттік бағдарламаның 159 ерекшелігімен Алакөл аудандық қаржы бөлімі ғимаратына ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 17154,0 мың теңге бөлінген.

«Үшарал көркейту» ШЖҚ МКК-мен 2017 жылғы 29 қарашасында жасалған келісім шарт негізінде, Алакөл аудандық қаржы бөлімі ғимаратына ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 2017 жылғы 6 желтоқсан күні 001-000 бюджеттік бағдарламаның 159 ерекшелігімен 17154,0 мың теңге көлеміндегі қаражат жұмсалды. Аталған ғимарат «Алакөл аудандық қаржы бөлімі» ММ-нің теңгерімінде болғандықтан аудандық әкімдік аппараты тарапынан жұмсалған қаражат негізсіз болып табылады. Яғни, бұл Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» талаптарына қайшы келеді (Келісім шарт, төлем ақы құжаттары, Алакөл ауданының әкімінің аппараттының негізгі қаражат тізімі (ғимараттар) 1.01.2017ж., 1.01.2018ж. көшірмелері, түсініктемесі және тізімі аудиторлық есепке қоса тіркелді).

2.1.2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі» негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 04 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ережесі» талаптары сақтала отырып, қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық

рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 «Шығындардың жиынтық есебі» Нысанына сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 Нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару, сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған.

Бағдарлама мәселесі Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2.1.3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

2017 жылдың еңбекақысының есебі бекітілген штат кестесіне сәйкес жүргізілген. 2017 жылдың 01 қаңтарына мекеменің штаттық кестесі бойынша 20 штаттық бірлік санымен 2770,3 мың теңге айлық еңбекақы қорымен «Алакөл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісіліп, Алакөл ауданының әкімімен бекітілген. Штаттық кестесі бойынша– 1 аудан әкімі және әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер – 3 әкім орынбасары, 1 аппарат басшысы, 1 кеңесші, 1 көмекші, 4 бөлім жетекшісі, 8 бас маман, 1 жетекші маман.

2018 жылдың еңбекақысының есебі бекітілген штат кестесіне сәйкес жүргізілген. 2018 жылдың жылдың 01 қаңтарына мекеменің штаттық кестесі бойынша 22 штаттық бірлік санымен 2962,3 мың теңге айлық еңбекақы қорымен «Алакөл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісіліп, Алакөл ауданының әкімімен бекітілген. Штаттық кестесі бойынша– 1 аудан әкімі және әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер – 3 әкім орынбасары, 1 аппарат басшысы, 1 кеңесші, 1 көмекші, 5 бөлімше басшысы, 9 бас маман, 1 жетекші маман.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеуде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексі», Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Жарлығы басшылыққа алынған.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды есептеу және төлеу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы,

материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысының талаптары сақталған.

2017 жылы техникалық қызметкерлерінің саны 19 бірлікті құраған. Айлық еңбек ақы қоры 741,2 мың теңге, тарифтік тізімі мекеменің басшысымен бекітілген.

2018 жылы техникалық қызметкерлерінің саны 19 бірлікті құраған. Айлық еңбек ақы қоры 795,1 мың теңге, тарифтік тізімі мекеменің басшысымен бекітілген.

Техникалық қызметкерлерге еңбек ақы, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды есептеу және төлеуде төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Аудит барысында еңбекақы, сыйақы, үстеме ақылардың және сауықтыру жәрдемақыларының есептелуі мен төленуі және қызметкерлермен есептесуде жұмысқа қабылданған туралы, босатылғаны, еңбек демалысы туралы бұйрықтары қаралды. Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №908 «Орташа жалақы есептеудің бірыңғай қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес есептелініп төленген.

Бағдарлама мәселесі мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2.1.4. Іс-сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іс-сапар шығындарына мекемеде:

2017 жылы 001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 136 ерекшелігінен «Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері»- 2340,40 мың теңге қарастырылып, нақты 2340,4 мың теңге болып 100,0 пайызға игерілген, 161 ерекшелігінен «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» - 3005,4 мың теңге қарастырылып, нақты 3005,4 мың теңге болып 100,0 пайызға игерілген.

2018 жылы 001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 136 ерекшелігінен «Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері»- 2189,7 мың теңге қарастырылып, нақты 2189,7 мың теңге болып 100,0 пайызға игерілген, 161 ерекшелігінен «Ел ішіндегі

іссапарлар мен қызметтік сапарлар» - 3372,6 мың теңге қарастырылып, нақты 3372,6 мың теңге болып 100,0 пайызға игерілген.

Мемлекеттік мекемеде іс-сапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 ақпандағы N 108 «Мемлекеттік қызметшілерге республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қызметтік шетелдік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы» Қаулыларының талаптарына сай жүргізілген.

Аванстық есеп жүргізіліп, оған негіз болатын шот және басқа да құжаттар қоса тігілген. Есепті тұлғаларға іс-сапары мақсатына төленген қаржы әр тұлғаның жеке бет шоттарына аударылып отырған.

Бағдарламаның іс-сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігі мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2.1.5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

Мекеменің аппараты өзінің теңгеріміндегі әкімшілік ғимаратта орналастырылған. Мемлекеттік органдар пайдаланатын қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығына негізделген.

Жанар-жағар май және автокөлікті ұстау шығындары Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі № 1210 «Автокөлікті ұстау шығындары және жанар-жағар май шығыс нормасы» қаулысына сәйкес шығысталған.

2017 жылы 8769,3 мың теңгеге 60480 литр жанар-жағар майы шығысталса, 2018 жылы 9572,3 мың теңгеге 60320 литр жанар-жағар майы шығысталған. Бекітілген лимиттен артық жанар-жағар май шығысталмаған.

Қызметтік автокөліктерді ағымдағы жөндеу жұмыстарына 2017 жылы 5574,0 мың теңге, 2018 жылы 4297,0 мың теңге жұмсалынған, қосалқы бөлшектер ақаулы актілерге сай есептен шығарылған.

Мекеменің теңгерімінде «Toyota Land Cruiser 200» маркалы мемлекеттік тіркеу нөмірі 222VV05, 2010 жылы шығарылған, «Kia» маркалы мемлекеттік тіркеу нөмірі 020VV05, 2012 жылы шығарылған, «Skoda Superb B6» маркалы мемлекеттік тіркеу нөмірі 232VV05, 2013 жылы шығарылған, «Skoda Superb B6» маркалы мемлекеттік тіркеу нөмірі 242VV05, 2013 жылы

шығарылған, «Kia» маркалы мемлекеттік тіркеу нөмірі 203VV05, 2012 жылы шығарылған, «Kia» маркалы мемлекеттік тіркеу нөмірі 252VV05, 2011 жылы шығарылған (алты) қызметтік автокөлік және «Kia Optima» маркалы мемлекеттік тіркеу нөмірі 079 VV 05, 2014 жылы шығарылған кезекші автокөлік бар.

2-тармақ: Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» бұйрығының және Алматы облысы әкімінің 2018 жылғы 04 сәуірдегі №36-ө н/қ өкімінің 2 қосымшасына сәйкес бекітілген лимит бойынша мекемеде 4 дана қызметтік автокөлік және 1 дана кезекші автокөлік болуы тиіс, алайда мемлекеттік аудит жүргізу барысында мекеменің 2019 жылдың 1 қаңтарына ұзақ мерзімді активтердің түгендеу тізіміне сәйкес мекеменің теңгерімінде 6 қызметтік және 1 кезекші автокөлік тіркелгені анықталды. Белгіленген лимиттен артық қызметтік автокөліктің саны 2 бірлікті құрайды (түсініктеме аудиторлық есепке қоса тігілді).

2.1.6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

Коммуналдық төлемдерге қаржы жұмсаулар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 02 қарашадағы №1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электрэнергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысында белгіленген көрсеткіштерге сәйкес жасалған, коммуналдық төлемдер бойынша аталған қызметтерді көрсететін кәсіпорндар мен келісім шарттарға отырып қаражаттар жұмсалған.

Мекеме ғимараты орталықтандырылған жылумен жылытылады, Алакөл ауданы Әкімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынымен жасалған келісім шарт негізінде қамтамасыз етіледі.

Электр қуатын пайдалану үшін «Алматыэнергосбыт» ЖШС-мен, байланыс қызметі үшін «Қазақтелеком» АҚ филиалы-Алматы облыстық телекоммуникация дирекциясы Алакөл аудандық өндірістік телекоммуникация торабымен жасалған келісім шарт негізінде қойылған есеп шот фактураларымен қаржы аударылып отырған. Көрсетілген қызметтердің бағалары мен тарифтері Алматы облысы бойынша реттелген бағалар мен тарифтерге сәйкес.

3 тармақ: Алакөл ауданы әкімі аппаратымен ҚМ Аудандық пайдалану бөлімімен орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтамасыз ету қызметіне қажетті келісім-шарт жасалмаған. Яғни, қолданылып жатқан қызметі үшін, Алакөл ауданы әкімі аппараты тарапынан ешқандай қаражат жоспарланбаған және жұмсалмаған, сонымен қатар аталған қызметі үшін

кететін шығындарды ҚМ Аудандық пайдалану бөлімі ғана көріп отыр(түсініктеме аудиторлық есепке қоса тігілді).

2.1.7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесіне сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырарлық есеп жүргізілген. Тоқсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Жеткізушілердің және жабдықтаушы, қызмет көрсетуші ұйымдар мен кәсіпорындардың тиісті құжаттарымен расталған. Мекеменің бухгалтерлік балансында 2018 жылдың 1 қаңтарына, 2019 жылдың 1 қаңтарына кредиторлық, дебиторлық қарыздар жоқ.

2.1.8. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар.

2017 жылы 005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасымен 3421,0 мың теңге жоспарланып, қасалық және нақты шығысы 3420,8 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- 142 ерекшеліктен 59,0 мың теңге;
- 149 ерекшеліктен 454,8 мың теңге;
- 152 ерекшеліктен 100,0 мың теңге;
- 153 ерекшеліктен 2352,0 мың теңге;
- 159 ерекшеліктен 233,0 мың теңге;

414 ерекшеліктен 222,0 мың теңге жұмсалынып көрсетілген қызметтер актісі және шот фактуралар негізінде жабдықтаушыларға (дәрі-дәрмек, тонометр, канц.тауар, шаруашылық заттары, тасымал шығындарына) төленіп берілген.

2018 жылы 005 «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасымен 4081,0 мың теңге жоспарланып, қасалық және нақты шығысы 4080,8 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- 142 ерекшеліктен 84,0 мың теңге;
- 149 ерекшеліктен 919,9 мың теңге;
- 152 ерекшеліктен 73,0 мың теңге;

153 ерекшеліктен 1780,8 мың теңге;

159 ерекшеліктен 290,3 мың теңге;

414 ерекшеліктен 932,8 мың теңге жұмсалынып көрсетілген қызметтер актісі және шот фактуралар негізінде жабдықтаушыларға (канц.тауар,қағаз, картридж, шаруашылық заттары, тасымал шығындарына) төленіп берілген.

б) Аудан ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу (өрт) және және оларды жоюға жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

2017 жылы Алакөл ауданының аумағындағы 006 «Төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарын жою шаралары» бюджеттік бағдарламасымен 159 ерекшеліктен 19100,0 мың теңге жоспарланып, кассалық және нақты шығысы 19100,0 мың теңгені құрады.

«Тентек өзенінің жағасын түзеумен бекіту» жұмыстарын атқаруға «Себепова Н.Р.» ЖК-мен 24 қарашада №1 жасалған келісім-шарт негізінде қабылдау актісімен 6 желтоқсанында қабылданып, 8 желтоқсанда төлем ақы жасалды.

2018 жылы Алакөл ауданының аумағындағы 006 «Төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарын жою шаралары» бюджеттік бағдарламасымен 159 ерекшеліктен 7500,0 мың теңге жоспарланып толығымен игерілді. «Қабанбай ауылы Панфилов көшесінің көпіріне ағымды жөндеу жұмыстарын» жүргізуге, «Алакөл-Метспецстрой» ЖШС-мен 04 маусымда №1 жасалған келісім-шарт негізінде, қабылдау актісімен 6 желтоқсанында қабылданып, 8 желтоқсанда төлем ақы жасалды.

Бағдарлама мәселесі мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі анықталған жоқ.

в) Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

2017 жылы Алакөл ауданының аумағындағы 007 бюджеттік бағдарламаның 144 ерекшеліктен 3629,0 мың теңге жоспарланып, кассалық және нақты шығысы 3627,4 мың теңгені құрады.

2017 жылы 19 қаңтарында орын алған дала өрттерінің алдын алу және салдарын жою жұмыстарына №1 келісім-шарты негізінде «Абдрахманова К.К.» ЖК-мен жасалынған.

106 бюджеттік бағдарламаның 159 ерекшеліктен 25412,0 мың теңге жоспарланып, кассалық және нақты шығысы 25411,5 мың теңгені құрады.

Осы жұмыстарына келесі келісім-шарттар жасалынған:

-31 наурызда ЖК «Себекова Н.Р.» Лепсинск ауылындағы Болень өзені арнасының бұру жұмыстарына № 1 келісім шарт сомасы 6 307 528 теңгеге жасалынған, атқарған жұмыстар 20 сәуірінде қабылдап алынып, 27 сәуірде төленіп берілген.

- «Тентек өзенінің қосымша канал жұмыстарына» «Себекова Н.Р.» ЖК-мен 31 наурызда сомасы 3 610 000 теңгеге № 2 келісім-шарт жасалып, қабылдау

актісімен 10 сәуірде қабылданып, 17 сәуірде жұмыстың ақысы төленіп берілген.

-12 қыркүйегінде «Үйгентас» ШҚК МКК Қабанбай ауылы Тентек өзенінен өтетін көпіріне ағымды жөндеу жұмыстарын» жүргізуге сомасы 2 200 000 теңге № 1 келісім шарт жасалынған, атқарған жұмыстар уақытында қабылдап алынып, 27 қыркүйегінде төленіп берілген.

- 4 қыркүйегінде «Үйгентас» ШҚК МКК Теректі ауылындағы Баламбай өзені арнасының бұру жұмыстарына сомасы 2 199 000 теңге № 1 келісім шарт жасалынған, атқарған жұмыстар уақытында қабылдап алынып, 12 қыркүйегінде төленіп берілген.

- «Достық ауылындағы орта мектебі ғимаратының қас бетін жөндеуге» «Фирма Мега-Сервис» ЖШС-мен 8 желтоқсанда сомасы 1 750 000 теңгеге № 1 келісім-шарт жасалып, қабылдау актісімен уақытында қабылданып, 20 желтоқсанда жұмыстың ақысы төленіп берілген.

- «Сапақ ауылындағы Тентек өзені арнасының бұру жұмыстарына» «Багалы-Алакөл» ЖШС-мен 8 желтоқсанында сомасы 941 049 теңгеге № 1 келісім-шарт жасалып, қабылдау актісімен уақытында қабылданып, 21 желтоқсанда жұмыстың ақысы төленіп берілген.

- «Бибақан ауылындағы Орта Тентек өзені арнасының бұру жұмыстарына» «Багалы-Алакөл» ЖШС-мен 8 желтоқсанында сомасы 2 070 300 теңгеге № 2 келісім-шарт жасалып, қабылдау актісімен уақытында қабылданып, 21 желтоқсанда жұмыстың ақысы төленіп берілген.

-«Теректі ауылындағы Тентек өзені арнасының бұру жұмыстарына» «Багалы-Алакөл» ЖШС-мен 8 желтоқсанында сомасы 1 317 400 теңгеге № 3 келісім-шарт жасалып, қабылдау актісімен уақытында қабылданып, 21 желтоқсанда жұмыстың ақысы төленіп берілген.

-«Екпенді ауылындағы өзен арнасының бұру жұмыстарына» «Багалы-Алакөл» ЖШС-мен 8 желтоқсанында сомасы 1 343 200 теңгеге № 4 келісім-шарт жасалып, қабылдау актісімен уақытында қабылданып, 21 желтоқсанда жұмыстың ақысы төленіп берілген.

- «Екпенді ауылындағы Шынжылы өзені арнасының бұру жұмыстарына» «Себекова Н.Р.» ЖК-мен 8 желтоқсанында сомасы 3 671 964 теңгеге № 1 келісім-шарт жасалып, қабылдау актісімен уақытында қабылданып, 25 желтоқсанда жұмыстың ақысы төленіп берілген.

2018 жылы Алакөл ауданының аумағындағы 007 бюджеттік бағдарламаның 144 ерекшеліктен 3847,0 мың теңге жоспарланып, кассалық және нақты шығысы 3846,4 мың теңгені құрады.

2018 жылы 16 қантарында орын алған дала өрттерінің алдын алу және салдарын жою жұмыстарына №1 келісім-шарты негізінде «Каримов Ю.Е.» ЖК-мен жасалынған.

106 бюджеттік бағдарламасы бойынша 27830,0 мың теңге жоспарланған, оның ішінде: 149 ерекшеліктен 590,0 мың теңге жоспарланып толығымен игерілген, 159 ерекшеліктен 27240,0 мың теңге жоспарланып, кассалық және нақты шығысы 27238,8 мың теңгені құрады.

Осы жұмыстарына 106 бағдарламаның 149 ерекшелігі бойынша «Мукубаев» ЖК-мен 2018 жылы келесі келісім-шарттар жасалынып: 14 қыркүйектегі №26, 11 желтоқсандағы № 34, 13 желтоқсандағы №35, сәйкесінше 150,0 мың теңгеге мөшектер, 239,0 мың теңге етіктер, 201,0 мың теңгеге қолғаптар сатып алынған.

159 ерекшеліктен:

- 23 сәуірінде «Багалы-Алакөл» ЖШС-мен Үшарал қаласы, Қонаев көшесі, №78 үйдің шатырын жөндеу жұмыстарына № 1 келісім шарт сомасы 13 348 583 теңге жасалынған, істелген жұмыстар 15 мамырда қабылдап алып, 15 мамырда төленіп берілген.

- 9 шілдеде «Себекова Н.Р.»ЖК-мен «Коктума ауылында Көктума ауылы ағаштан тазарту» жұмысы сомасы 2981209 теңге жасалған № 1 келісім-шарт. Шілдедегі қабылдау-өткізу актісі негізінде 18 шілдеде жасалған жұмыстың төлемақасы берілді.

- 10 қыркүйегінде «Алакөл су құбыры» ШЖҚ МКК-мен «Қабанбай ауылындағы Шынжылы өзені арнасының бұру» жұмыстарына сомасы 6 600 000 теңге жасалған № 1 келісім-шарт. Мердігермен 15 қыркүйекте жасасқан келісім-шарт негізінде аталған жұмыстарды қосалқы мердігер «Себепов Н.Р.» ЖК тарапынан атқарылды, жұмыс 20 қыркүйекте қабылдап алынған, 21 қыркүйекте төленіп берілген.

- 1 қарашада «Себекова Н.Р.»ЖК-мен «балық шаруашылығының маңындағы Тентек өзенінің жағаларын күшейту» жұмысы сомасы 3669000 теңге жасалған № 1 келісім-шарт. Қарашада қабылдау-өткізу актісі өткізіліп, 12 қарашада жасалған жұмыстың төлемақасы берілді.

- 4 желтоқсанында «Алакөл тазалық» ШЖҚ МКК-мен «Мұқанов көшесіндегі 10 үй шатырының ағымды жұмыстар жүргізу үшін» сомасы 640000 теңге № 1 келісім-шарт жасалынған, желтоқсан айында қабылдау-өткізу актісі өткізіліп, 13 желтоқсанында төленіп берілген.

107 бюджеттік бағдарламасы бойынша 2017 жылы қаржы бөлінбеген, 2018 жылы 322 ерекшеліктен 500,0 мың теңге жоспарланып толығымен игерілген.

12 қарашасында ШҚ «Қайрат» мал қорасы және өртеніп кеткен қойлар үшін 500,0 мың теңге төленген.

Бағдарлама мәселесі мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

г) Жергілікті бюджеттен ағымдағы нысалы трансферттер, оның ішінде ЖСҚ дайындау.

113 бюджеттік бағдарламасы бойынша 2017 жылы Алакөл ауданының аумағында қаржы бөлінбеген, 2018 жылы 339 ерекшеліктен 35359,0 мың теңге жоспарланып толығымен игерілген (төмен тұрған бюджеттерге- ауыл

округінің әкімшіліктеріне аудандық маслихат шешімдері бойынша аударылған).

Бағдарлама мәселесі мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2.1.9. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

2017 жылы 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы 414 ерекшелігі бойынша 5942,0 мың теңге жоспарланып, 5941,9 мың теңге игерілген.

2018 жылы 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 414 ерекшелік «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» бойынша 4374,0 мың теңге жоспарланып, толығымен игерілген.

Жеткізілген тауарлар жүкқұжаттарымен расталған, ақысы толық төленген. Сатып алынған заттар уақытымен есепке алынған.

Бағдарламаның мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

Бағдарлама мәселесі жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындауы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2.1.10. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

Аудит барысында өзгеде сұрақтар және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер туындаған жоқ.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

Аудит бағдарламасында көрсетілген 10 сұрақтың нәтижесі бойынша жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізілді.

Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, келесідей мәнділік деңгейі айқындалды: аудит жүргізу барысында аудит бағдарламасымен қамтылған соманың, яғни 360546,1 мың теңгенің 5 пайызы сомасында нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкессіздік, бұзушылықтар анықталуы.

Аудиторлық тәуекел деңгейлері – жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының тексерілмеген түпнұсқалары.

Іріктеу параметрлері – 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы мерзім бойынша ұсынылған бюджеттік өтінім қосымшаларымен бірге - толығымен, еңбекақы есептеу және төлеу құжаттары – толығымен, іс-сапар құжаттары - толығымен, пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөлік бойынша құжаттардың түпнұсқалары – толығымен, жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың түпнұсқалары санының көптігіне байланысты әрбір оныншы құжат қаралды, 2017 - 2018 жылдардың қаржылық есептіліктері толығымен тексерілді. Іріктеліп тексерілген құжаттардан нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкессіздіктер анықталмағандықтан, тәуекел деңгейі жоғарылаған жоқ. Жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының іріктеп алғанынан басқалары тексерілмеді.

Сәйкестікке аудит жүргізу барысында нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай келмейтін 17154,0 мың теңгені құрайтын кемшіліктер анықталды. Бұзушылық деңгейі – 5 пайыз. Жалпы, мекеме нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қанағаттанарлық деңгейде қызмет атқарған деген пікір ұсынылады.

3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: Шаралар қабылданған жоқ.

IV. Қосымшалар:

- 1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №1 қосымшасы (2 парақта);
- 2) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша (4 парақта);
- 3) Құжаттардың, кестелердің түпнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері №3 қосымша (6 парақта);
- 4) анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды дәлелдейтін құжаттар №4 қосымшасы (13-парақта);
- 5) №1 кесте. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат №5 қосымшасы (2 парақта);



б) Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымшасы (1-парақта);

Тексеру комиссиясының қызметкері:
бас маман- мемлекеттік аудитор



Ж.Үсенбаев

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:

(лауазымы)

Аудиторлық есеп екі данада жасалды:

1-ші дана № 007732 бланкте: «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;

2-ші дана № 007733 бланкте: «Алакөл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

(қолы, аты-жөні, тегі)